

Үржар ауданы Жоғарғы Егінсу ауылдық округі Жоғарғы Егінсу ауылының көшесін қайта атау туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Жоғарғы Егінсу ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 9 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 желтоқсанда № 7986 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына сәйкес, 2020 жылғы 17 маусымдағы Шығыс Қазақстан облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде және ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып, Жоғарғы Егінсу ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үржар ауданының Жоғарғы Егінсу ауылдық округі Жоғарғы Егінсу ауылындағы Киров көшесі Ешкен Биғалиев көшесі болып қайта аталсын.

2. "Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданының Жоғарғы Егінсу ауылдық округі Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Үржар ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Үржар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

Е. Каримов